

Педагогикалық әдеп жөніндегі кенес отырысы

Хаттама №1

Катысушылар: «Айгөлек» бебекжай балабақшасының ұжымы.

Саны: 20

Әтілген уақыты: 13.10.2023ж

2023-2024 оку жылы.

Күн тәртібінде :

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережесін түсіндіру.

Кенес төрайымы : Тажимуратова П.А.

2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Кенес мүшесі: Даухаренова А.О.

3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кенес мүшесі: Искакова С.С.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдеп кенес төрайымы Тажимуратова П.А:

- Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кенес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кенес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының зандарына осы Қағидаларға, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, коғамдық пікір мен жариялыштықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Сонымен катар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін карау кіреді. Тәртіптік істерді карау корытындысы бойынша Кенес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну, тәртіптік істі тоқтату.

Екінші мәселе бойынша кенес мүшесі Даухаренова А.О/тәрбиеші/:

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек.Әр балаға жол сілтеп,оның бойына жақсы қасиеттерді сініретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз. «шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай педагог балаларды білім нәрімен сусындағы кана қоймай,қолынан келгенінің бәрін үйретіп,бағыт-бағдар беріп,сыртқы келбетімен,киім үлгісімен,өзін-өзі ұсташа әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес,жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көніл бөліп,тәлім алады.түстерді дұрыс үйлестіре білген жән.Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және кара түс болып есептеледі.Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс.

Педагог мамандығына сай талғаммен кийіп,ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып,ішкі жан дүниесінің көркемдігімен,бала жанын ұғына алар кенпейіл мінезімен көрінуі керек.Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындағы қана қоймай, өскелең үрпақтың өзіне қарап бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Педагогтар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Эр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де, әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын балаың, ата-ананың, адамдардың абыройы мен кадір-қасиетін құрметтейді, олармен карым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, тәрбиеленушінің жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет. Ушінші мәселе бойынша кенес мүшесі Искакова С.С/тәрбиеші/:

Педагог (тәрбиеші) ата-аналармен, балалармен және әріптестермен әнгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сактау міндетті.

Чаттардағы карым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұраптарыңызben жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кенес берді.

Педагог этикасы-педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы карым-қатынас. Педагогикалық этика-ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің занды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен зандылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оку орындарында істейтін адамдардың карым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Көртынды сөз. Кенес төрайымы: Тажимуратова П.А:

Құрметті кенес мүшелері және кенеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кенесінің ережесі қаралды, педагогтардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Тәрбиеші тек педагог емес, ол жас үрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Педагог өз ісіне адал қарауға міндетті. Сондыктан педагогтарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кенес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кенесінің ережесі бұзбау, назарда ұсталынын.

2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынын.

3. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сактау туралы жұмыстар жүргізілсін.

Кенес төрайымы:

Тажимуратова П.А.

Кенес хатшысы:

Искакова С.С.

Жаманкул И.В. *Миңгіл*
Жусупова С.А. *Жекшіл*

Чокпаратбаева Г.М. *Чекіра*
Диаутенова Г.А. *Диңгүй*
Бактогреева В.К. *Әбділхан*
Аманжалика Ж.К. *Акесіл*